

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Ал, енде осы мысалдардың ішіндегі «үшін» деген мағынаны әдетте араптар «ل» «ләм» әріпімен береді. Демек жалғыз «үшін» деген мағынаны екі түрлі көмекші әріптермен береді. Бір қызығы сол екі әріп сырт көзге бір мағына берсе де шынтуайтында олардың сөйлемге қосар мағынасында нәзік айырмашылық бар. Мысал ретінде мына аятқа қарасақ

«Өздеріне айтылған насихатты ескермей ұмыт қалдырғандарында, олар үшін барлық нәрсенің, бар ләззат пен нығметтің есігін айқара аштық». бұл аятқа бір қарағанда, одан насихат тыңдамайтын бұзық адамдар үшін дүние нығметінің есігі ашылатынын түсінеміз. бірақ олай болуы ақылға жат. Ал, егер біз осы аяттағы «үшін» деген шылауды аяттың арапша нұсқасындасында жоғарыда аталмыш екі көмекші әріптердің қайсысымен жеткізгенін көрсек мәселе анық болады. Арапша нұсқасында «على» «аләә» әріпі келген. Демек жоғарыда айтқанымыздай бұл көмекші әріптің «қарсы» деген мағынасы болатын. Сонда аяттан *«Өздеріне айтылған насихатты ескермей ұмыт қалдырғандарында, олардың (зияны) үшін барлық нәрсенің, бар ләззат пен нығметтің есігін айқара аштық»* деген мағына шығады. Бұдан қорытып айтарым аудармашы қай тілден аударса сол тілдің грамматикасының қыр сырын жетік білуі керек. Оны білу бір басқа, керек кезде жаңылмастан дұрыс қолдану кейде аудармашының қолынан келсе, кейде келмейді. Шатасу ықтималдылығы өте төмен болса да діни мәтіндердің аудармасына толық сенуге болмайды.

4. Идиомалар мен фразалар: Көптеген тілдерде сөзбе-сөз аударуға болмайтын бірегей идиомалар мен сөз тіркестері бар. Олардың баламаларын екінші тілден табуға болса да жүз де жүз мағынаны бере алмайтыны түсінікті. Айналып келегенде баламаны іздеп оны дұрыс табу аудармашының біліктілігіне қайтады. Аудармашы қаншалықты тәжірибелі болса да бірде дұрыс тапса, тағы бірде шатаспайтынына кепілдік жоқ. Себебі адам әр түрлі адами факторларға ұшырауы мүмкін.

5. Адами факторлар: Аударма сапасына өкінішке қарай аудармашының ішкі күйі де әсер етіп жатады. Мысалы аудармашының заманындағы саяси жағдайлар, немесе сол замандағы басым болған идеология немесе аудармашының тұрмыстық жағдайы, қорқыныш реніш т.б факторлардың барлығы аудармашының мұқияттылығына, объективтілігіне әсер етеуі мүмкін.

Қорытынды: жоғарыдағы жасалған зерттеулерге сүйеніп келесі нәтижелерді айтсақ болады:

1. Аударма жұмысында ауызекі сөздерді, сөйлемдерді диалогтарды толыққанды ой түсінісу деңгейінде аударуға болады.

2. Діни мәтіндерді немесе күрделі жазбаларды (100%) жүз пайыз дәлдікпен аудару өте қиын кейде мүмкін емес.

3. Құран кітабын немесе Таурат пен Інжіл кітаптарын да басқа тілдерге аударса болады. Алайда ол аудармалыр аталмыш кітаптардың мағынасының ашылу үшін қолданылатын құрал ретінде ғана қолданылады. Одан үкім шығаруға келмейді. Аудармалар түпнұсқаның орнына жүрмейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Анарбаев пен А.Әкімхановтың құран аудармасы
2. Х.Алтайдың құран аудармасы
3. Сенчук А.Н. _определение термина «перевод» в лингвистике
4. Ибн Аббас тәпсірі (тәнуируль-микбас)
5. <https://www.livelib.ru/author/169139-lev-latyshev>

УДК 21.15.47

ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бейсенбай Райхан Жарқынбекқызы

beisenbay.raikhan@mail.ru

Қазіргі білім мен ғылымның дамыған уақытында мұсылман әйелдің мәртебесі туралы қанша зерттеулер жүргізілсе де бұл тақырып өзектілігін жоғалтқан емес. Себебі қоғамдық санада өкінішке орай мұсылман әйелдің исламның бұғауымен «артта қалған, құқығы шектелген» бейнесі үстемдік етіп тұр. Сонымен бірге қоғамда болып жатқан әр түрлі діни қақтығыстардың әсерінен мұсылмандардың сипаты және жалпы ислам туралы теріс пікір қалыптасқан. Сәйкесінше осы факторларға байланысты заманауи мұсылмандардың сеніміне және мәдени дәстүрлеріне қатысты бірқатар стереотиптер пайда болды.

Осы ретте Исламның әйелге деген шынайы, бұрмаланбаған көзқарасын анықтау маңызды. Сондықтан біз гендерлік аспектіде мұсылман сенімінің негізгі ережелерін объективті бағалауға тырысамыз. Сондай-ақ исламдағы негізгі дереккөздер арқылы қазіргі замандағы мұсылман әйелдердің рөлін нақтылай отырып талдау жасаймыз.

Ежелгі халықтардың барлығында дерлік әйелді ер адамнан төмен жаратылыс деп есептеліп келген. Арабтар арасында исламға дейінгі надандық дәуірінде әйелдер негізгі құқықтарынан айырылып, жиі қысым мен зорлық-зомбылыққа ұшырады. Кез келген уақытта ер адам оның ақшасы мен мүлкін тартып алатын және бұл үшін еш жаза алмайтын. Әйел үйдегі тұрмыстық қажеттілік заттарының бір бөлігі болып саналды және мұрагерлікке құқығы болмады, керісінше көбінесе әйелдің өзі мұрагерлік объектісі болды. Егер оның күйеуі қайтыс болып, артында басқа некеден ұлдары қалса, олардың үлкені оған әкесінің қалған мүлкімен бірге мұра болып қалатын. Ол өз бостандығы үшін белгілі бір соманы төлемейінше өгей ұлының үйінен кетуге құқығы жоқ еді. [3,14 б]

Мұсылмандардың екінші халифасы Омар ибн әл-Хаттаб сол дәуірдегі әйелдердің жағдайын сипаттай отырып: «Аллаға ант етемін! Ислам діні келгенге дейін, және оларға нәсіп еткен дәреже берілмегенге дейін, біз әйелге бір нәрсе тиесілі деп еш ойламадық...» [Муслим 1479]

Ислам дінінің келуімен әйелдер ерекше жоғары мәртебеге ие болды. Шариғат заңы әйелді толыққанды тіршілік иесі ретінде қарастырып, оған жалпы адам баласына тән құндылық пен мән - мағына берді. Оны адамзат қоғамының маңызды элементі ретінде көрсете отырып, Құран мен хадистерде әйелдің отбасындағы және қоғамдағы орны мен құқықтары анықталып белгіленді.

Әйел құқығы мәселесін қозғамастан бұрын, қазіргі уақытта әлемдік деңгейдегі ұранға айналған «гендерлік теңдік» тақырыбына тоқталғанымыз жөн. Ең алдымен исламдық және батыстық теңдік түсініктерінің бөлек екенін білуіміз керек. Батыс елдерінде теңдік туралы айтқанда, олар жынысына, дініне, этникалық тегіне қарамастан тең құқықты иеленуді білдіреді. Ислам ілімдері бойынша әйел мен ердің теңдігі олардың адамдық қадір – қасиетін қорғау және құрметтеумен өлшенеді. Ал, құқықтық жағынан «теңдік» емес «бір-бірін толықтырушы» яғни әр жыныстың өз табиғатына сай жүктелген міндеттермен анықталады. Өйткені табиғи ерекшеліктеріне сәйкес ерлер мен әйелдер бір-бірінің мінезіне немесе қасиетіне ие бола алмайтыны секілді, бір-бірінің құқықтары мен міндеттерін де иемдене алмайды.

Ерлер мен әйелдердің толық және абсолютті теңдігін талап ету негізсіз, өйткені бұған олардың психологиялық деңгейде де, физиологиялық деңгейінде де ерекшеленетін табиғатының өзі кедергі болады. Оның үстіне, тіпті бір жыныстың өкілдері арасында да мұндай теңдік жоқ. Сонымен, әртүрлі жыныс өкілдері арасындағы теңдік туралы не айтуға болады?

«Теңдік туралы» Набил Хайрун былай деп жазады: «Біз гендерлік теңдік туралы айтқанда бұл батыс феминистері талап еткендей құқықтар мен міндеттер де бірдей тең болуы керек дегенді білдірмейтінін түсінуіміз керек. Теңдікті әділдік ретінде түсіну керек. Өйткені, ер мен әйел физикалық жағынан да, эмоционалдық жағынан да бір-бірінен

ерекшеленеді. Аллаһ оларды әр түрлі етіп жаратты және бұл нәрсені елемей мүмкін емес». [4, 2016].

Жалпы «Әйел теңдігі» мәселесі қайдан шықты? Батыста XIX ғасырдың орта шеніне дейін әйелді адам құрлы көрмеген. Өйткені, өз діндеріндегі сенім бойынша Адам Атаға тыйым салған жемісті жегізіп, бүкіл адам баласын жұмақтан шығарған, олардың жер бетіндегі барша күнәларына себепкер болған Хауа ана болғандықтан батыс әйелдерді лағынеттеп, оларды жек көрген. Міне, осы қорлыққа намыстанған әйелдер, еркектердің алдында тұқырмаудың жолын қарастырып, «феминизм», «әйел теңдігі» деген ұғымдар мен ұрандарды шығарды. Ал, бізге оның түкке де керегі жоқ еді. Біз әрдайым әйел баласын, ананы қадір тұтып, құрметтей білген елміз. Батыс бүгінде мұның зардабын тартудай-ақ тартып отыр[5] Оның зардабы жайында атақты Канадалық ойшыл әрі ғалым Генри Маков : « Феминизм – бұл американдық әйелді бұзып, Батыс өркениетіне орасан зор зиян келтірген тағы бір қатыгез жаңа әлемдік тәртібінің жалғандығы...» [6]

Түрік мұсылман ғалымы Хайдар Баш «Исламдағы әйел құқықтары» кітабында әйел мен ерді салыстыру, алма мен алмұртты салыстырғанмен бірдей[7,176] Екі жыныстың табиғаты әртүрлі болғаны сияқты, олардың міндеттері де әртүрлі. «Теңдік деп әйелдің отбасылық өмірден еңбекке ауысуын түсінсек, әйелдің ең басты қасиеті – ана болу ұмытылады; бұл қасиет жоққа шығарылады, екінші жоспарға қойылады тіпті әйелдің адамдық қадір-қасиетін төмендететін бұғаулар ретінде көрсетіледі.»[7,17-186]

Алла Тағала ер адамға күш-қуат, табандылық, қиындықтарға төтеп беру, сезімдерін тежей алу, қырағылық, дер кезінде шешім қабылдау, табандылық пен байсалдылық, ерік-жігер мен ақыл ойда салқынқандылық, жауынгерлік сияқты қабілеттерін берді.

Әйелдерге сезімталдық, жанашырлық, мейірімділік, құрбаншылдық, сүйіспеншілік пен балаға қамқорлықпен қарай алу қасиеттерімен ерекшеледі. Оларда эмоциялық және мейірімділік сезімі күшті болғандықтан, өмірдегі кейбір қолайсыз жағдайларға төтеп беру қиынға соғады.[8,476] Міне осы табиғаттарына сай әрқайсысының өзіндік міндеттері мен құқықтары бар. Осы тұста исламдағы ер мен әйелдің тең құқықтары мен міндеттерін атап өтсек.

Исламда ең алдымен әйел Алланың алдында адами табиғаты бойынша ер адаммен бірдей жаратылыс. Кейбір әлемдік діни ілімдер үйреткендей әйел Адам атаның жұмақтан шығарылуына себеп болған күнәнің бастауы емес. Бұл туралы Құранда: « Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атынан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар.» [Құран, 4:1] Сондай ақ әйел мен ер осы дүниеде де, ақыретте де істеген жақсы ісі үшін бірдей марапатталып, күнәсі үшін бірдей жаза алады. Алла Тағала: « Ер немесе әйелден кім сенген бойда түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз.» [Құран,16:97] «Ер және әйел ұрының, қылмыстарына жаза әрі Алладан бір өнеге түрінде қолдарын кесіндер...»[Құран,5:37]

Діни ғибадаттар - намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты парыз амалдар әйелдерге де ерлермен бірдей міндеттелді. Ислам құқығында әйел баласының жаратылыс ерекшелігіне сай тазалығы мен құлшылығына қатысты кейбір арнайы үкімдер қойылған. Шариғатта әйелдерге тән бұл күйді «хайыз» (етеккір көру), «нифас» (босанғаннан кейін келетін қан) және «истихада» (үзір қаны) деп атайды. [9,109 б] Кейбір парыз амалдарда әйел адамның осы сияқты жағдайларда жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы:

- намаз оқу (намаз); әйел ай сайын белгілі бір күндері намаздан босатылады және ол уақытта оқымаған намазы қаза есебінде болмайды, жұма намазы кезінде мешітке бару ерікті;
- ораза ұстау; жүкті және етеккір халінде әйел ораза ұстаудан босатылады, бірақ міндетті түрде оған ыңғайлы басқа уақытта қазасын өтейді;
- қажылықты (қажылық) орындау; бірақ қажылық уақытында да физиологиялық себептермен босатылатын рәсімдер бар;

Әйел ер адам секілді белгілі бір моральдық принциптерді ұстануға және ар намысы мен абыройын құрметтеуге және қорғауға құқылы. Мысалы, әлдекім күнәсіз әйелді зина жаласымен айыптаса, көпшілік алдында жазаланады. «Сондай абыройлы әйелдерге зина жаласын жапсырғандар; кейін төрт айғақ келтіре алмаса, онда оларға сексен дүре соғындар. Және олардың куәліктерін мүлде қабыл етпеңдер» [Құран 4:24]

Сондай-ақ, ер кісінің қанын төгу, намысына тию, ғайбат ету, мал-дүниесіне зиян келтіру қаншалықты харам етілсе, бұлардың бәрі де әйелдерге қатысты харам етілген. Ислам заңдары мен шариғат бұйрықтары еркек пен әйелге тең күшке ие. Ардақты Пайғамбарымыз өз хадисінде былай деген: «Әрбір мұсылманның қаны, намысы және мал-мүлкі басқа мұсылман үшін харам»[10].

Ислам тарихында әйелдің білімді болуы өте маңызды рөл атқарды. Әйелдер білім алуға және басқаларды үйретуге қабілетті деп саналды. Оның жарқын мысалы – Мұхаммед Пайғамбардың әйелі, өз заманының үздік шәкірті атанған Айша. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін Мәдинаның көптеген тұрғындарына дәріс берген. Айша діни білімі ғана емес, поэзияда, әдебиетте, тарихта, медицинада және сол кездегі белгілі ғылым салаларында да ерекше көзге түсті. Кейінірек біз көптеген білімді мұсылман әйелдерінің мысалдарын көреміз. Әйелдер мешіттер мен медреселерде дәріс алуға құқылы болды және бір-біріне үйретті. Мысалы, 12 ғасырда ғалым Ибн Асакир білім жолында 80-нен астам әйел ұстаздардан дәріс алған.[11,5-66] Пайғамбар хадистерінде білім туралы: «Бесіктен көрге дейін білім ізденіңдер», «Білім алу – әрбір мұсылманға парыз» [Ибн Маджа, 224] Ислам құқығы бойынша сарапшылар бұл жердегі «мұсылман» сөзі ер мен әйелді бірдей қамтитынын айтады.

Әйелдің де ер адам сияқты меншік иеленуге және оған еркін түрде билік етуге құқығы бар: мүлікті иемдену, сату немесе сатып алу. Сонымен бірге әйел адам әкесінен, күйеуінен, ағасынан қалған мұраның белгілі бір мөлшеріне иелік ете алады. Жоғарыда айтқанымыздай бұрын әйел күйеуінің мүлкі саналса, ислам оны қозғалатын мүліктен мұрагерге айналдырды. Мұрагерлік мәселесінде ер мен әйел «теңдігін» жақтайтындардың қарсылығын тудыратын нәрсе әйелдің үлесінің еркектің үлесінің жартысына тең болғандығы. Ислам заңы бойынша ұлы қызынан екі есе, ағасы әпкесінен екі есе, күйеуі әйелінен екі есе көп алады.[12.86 б] Бірақ бұл ер адамның әйелден жоғары екенін білдірмейді, оның белгілі себептері бар. Отбасының нәпақасын оның ішінде әйелдің қажеттіліктерін өтеу толығымен ер адамға жүктелген. Ал әйел отбасы үшін ешқандай қаржылық жауапкершілік арқаламайды. Оның тапқан табысына да, мұрадан алынған үлесіне де ешкім ортақ бола алмайды. Егер әйелді мұрадан толығымен айырсақ әділетсіздік болар еді, өйткені ол қайтыс болғанмен қандас туыстық байланыста. Ал егер мұраның үлесі бірдей болғанда, бұл асыраушы еркекке қатысты әділетсіздік болар еді.[13,106]

Исламның әйелге деген көзқарасы, оның қоғамдағы орны жан-жақты және әділеттілік өлшемде. Ендігі кезекте оның отбасындағы рөлін қарастыра отырып, жалпылама түрде исламның әйелге - қыз, әйел, ана ретінде кепілдік беретін құқықтары мен міндеттеріне тоқталамыз.

Әйел – қыз

Алла Тағала ата-анаға өз балаларының жынысына қарап бөліп жармастан оларға теңдей қарауды, қамқорлық көрсетуді және қорғауды бұйырды. Исламға дейінгі надандық дәуірінде қайбір отбасыда қыз туылса оны қорлық санап, күйінгеннен тіпті оны тірідей жерге көметін болған. Ал, өлімге қимағандар қыздарын ұлша киіндіріп, ел көзінен тасада мал бағуға жіберетін. Бұл туралы «Егер, олардың біреуі қызбен сүйіншіленсе, (әйелінің қыз тапқанын естисе,) оны ашу қысып, беті қап-қара бола бастайды. Өзіне берілген жаман хабардың салдарынан, елден жасырынады. Оны қорлыққа шыдап ұстау немесе топыраққа көміп тастау керек пе? Ал, олар, нендей жаман үкім береді».[Құран 16:58-59] Себебі ол заманда жезөкшелік белең алғандықтан, қыз бала бойжеткен соң жезөкшеге айналып, руымызға кір келтіреді деген түсінік болған. Алла Тағала осындай жауыздыққа тосқауыл қойып, балаларды өлтірмеуге бұйырды. «Кедейліктен қорқып балаларыңды өлтірмеңдер. Сендерді де оларды да біз ризығын біз береміз»[Құран 6:151] Алла Елшісінің хадистерінде «Қыз туылған үйге әр күні көктен он

екі берекет түседі және ол қыздың ата анасына күндіз түні бір жыл құлшылықтың сауабы жазылады», «Кімде-кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды жақсы жігітке тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Алла ол пендесін жәннатқа кіргізеді», - деген. Сондай-ақ балаларға сыйлық таратқанда теңдікті сақтауды, егер бірін жоғары қою керек болса қыздан бастауды өсиет еткен.[14,154 б] Жалпы қыз бала ата анасының тарапынан; ана сүтіне, толыққанды қамқорлық пен мейірімділікке, лайықты тәрбиеге, білім алуға және тұрмысқа шығарда жұбайын өзі таңдауға құқылы.

Әйел – жұбай

Құранда неке және отбасы мәселелері кеңінен қарастырылған. Исламда неке қасиетті әрі ер мен әйел арасындағы заңды шарт болып табылады. Неке құрған ерлі-зайыптылар бір бірінің имандарын толықтырған болып есептеледі. Алла Тағала: «Сендерге, оған тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірімділік пайда қылғандығы да Оның белгілерінен.», [Құран 30:21] «Сендерді жұп-жұп жараттық» [Құран 78:8], - деген аяттарды келтіреді. Отбасылық өмірде ер мен әйелдің өзіне тән міндеттері мен құқықтары бар. «Әйелдердің сіздерде, сіздердің әйелдеріңізде хақтарыңыз бар [ибн Маджа]. Ислам ер адамға отбасындағы жетекші рөлді жүктейді, өйткені ол физикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық жағынан әйелдерге қарағанда салқынқандылық пен төзімділікке ие. Осы себепті ер адамға әйелді қорғау, қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктелген. Бұл жағдайда әйелі онымен бірге отбасылық істерге жауапты бола отырып, оның досы және көмекшісі ретінде әрекет етеді. «Әйелдерің сендерге киім, сендер де оларға киім іспеттісіңдер» [Құран 2:187] Яғни ерлі-зайыптылар бір біріне жақсы киім сияқты – жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, қорғайды, бөгделерден кемшіліктерін жасырады. Әйел отбасылық өмірде күйеуіне бағынуға, ұрпақ жалғастыруға және оларды тәрбиелеуге, ар-ұятын сақтай отырып күйеуінің абыройымен бірге дүние мүлкін сақтауға міндетті. Бірақ күйеуі исламға қайшы келетін нәрсе талап етсе (мысалы намаз оқу, Аллаға мойынсұнбау сияқты) бағынбауына рұқсат.

Ер адамдарға да әйелдерге қатысты әділетті болуды, құрметтеуді, жақсы қарым-қатынас жасауды бұйырады. «Сондай-ақ олармен жақсы мәміледе болыңдар. Егер оларды жек көрсеңдер, сендердің жақтырмаған нәрселеріңде Алланың көптеген хайыр жасап қойған болуы мүмкін. (Яғни: Әйелдің келбеті, мінезі сендерге жек көрінсе де шығысыңдар, басқа түрлі хайыр болуы мүмкін.)» [Құран 4:19] «Сендердің ең қайырлыларың әйелдеріңе жақсы қарағандарың»

Әйел - ана

Әйел рөлдерінің ішінде анаға ең жоғарғы мәртебе берілген. Құранда: «Раббың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе: “Түһ” деме. (Кейіс білдірме.) Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле.» [Құран,17:23] Анаға деген құрметтің ерекше үлгісін Хазірет Мұхаммед пайғамбардан хадистерінен көруге де болады. «Жұмақ – аналардың аяғының астында» деген әз пайғамбарымыз аналарды ерекше құрметтеген. Сол арқылы әйелдің қоғамдағы алар орнын айқын көрсетіп берген. Хадисте «әйелдердің ең абзалы – көп бала тапқан ана» деп айтылады. Бірде Хазірет пайғамбарымыздан сахабалардың бірі: «Әуелі кімге құрмет көрсетейін?» деп үш рет сұрағанда, әз пайғамбар үшеуінде де «Анаға» деп, тек төртіншіде ғана «Әкеңе құрмет көрсет!» деген екен.[13,86] Және ата-анаға құрметсіздікпен қараудың күнәсі жайында Ахмад пен Ибн Хиббанның хадистер жинағында: «Үш адамға Алла жәннатқа кіруді харам етті; үздіксіз арақ ішетін адам, ата-анасына құрметсіздік танытқан адам, жақындарының бірі зина жасап, оған үнсіз қалған адам», «Барлық күнәлардың жазасы Алланың қалауымен қияметке дейін кешіктірілуі мүмкін, тек ата-анасына құрметсіздік танытқан адамның жазасы осы өмірде беріледі».

Жалпы құран аяттары мен хадистерде әйелдің қаншалықты дәрежеде құрметтелгенін, оның нәзік жаратылысын ескере отырып, барлық тараптан қорғалуын қамтамасыз еткені түсінеміз. Ислам діні әйелдің қоғамдағы орнын айқындап, құқықтарының лайықты дәрежеде қорғалуына ерекше мән берген. Әйелге Алланың аманаты ретінде қарауға шақырып, өз

жаратылысына сай сүйікті жар, аяулы ана ретінде қашан да оның орнын жоғары бағалаған. Қоғамның тәрбиесін қыз баланың тәрбиесімен ұштастыра қарастырған. Дегенмен, діни қағидаттарды қажетті деңгейде орындамаудың салдары әйелді қоғам өмірінде және отбасында дискриминацияға алып келеді. Мұсылман әйелдердің құқығы тапталуына Құран мәтінін түсіндіретін ер кісілердің болуы және олардың қасиетті жазбалардағы сөздердің мағынасын өзгертіп, өз пайдасына қарай шығаруы себеп болады. Сонымен қатар жергілікті халықтардың көп ғасырлық дәстүрлері – «адаттар» дін негіздерімен араласып, ислам негіздеріне қайшы келеді. Алайда, осындай дәстүрді ұстанатын адамдар өздерін діни қағидалармен жүрміз деп есептейді. Кейін өздерінің әрекеттерімен мұсылмандардың беделіне нұқсан келтіреді. Ең басты себеп мұсылман әйелдер өздерінің құқықтары туралы білмейді. Патриархалды қоғамда өмір сүретін мұсылман әйелдер өзінің заңды құқықтарын тиісті құзыретті органдардан талап ете алады.

Әйел затының құндылығын оның еркектермен тең еместігімен өлшеуге болмайды. Керісінше, әйелдерді еркектермен тең деп қарау оларға жасалған қиянат. Кеңес үкіметі әйел адамды отбасындағы міндеттерін екінші орынға қойып, қоғамда белсенді болу керек деген мотивпен оның мойнына балалардың нәпақасын іліп қойды. Ислам әйелдің шарият шеңберінде жұмыс жасап, табыс табуына қарсы емес. Бірақ әйелдің табиғатына қайшы болып келетін физикалық күшті қажет ететін жұмысқа жегуі құпталмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Халифа Алтай. Құран Кәрім-қазақша мағына және түсінігі. 1991
 - 2.Хадистер жинағы – Муслим, Ибн Маджа, Ахмад, Ибн Хиббан
 - 3.Абдур-Рахман аш-Шиха. Женщина под сенью ислама – Надыров. А, 2013, 144 б.
- [1,14 б]
4. Любовь и секс в исламе : сб. ст. и фетв. Изд. 2-е, испр. и доп. М. : Ансар, 2005. 304
 - 5.<https://islam.kz/kk/articles/iman-alippesi/kudikpen-kures/aiel-men-erkek-ten-be-76/#gsc.tab=0>
 - 6.Henry Makow. Cruel Hoax: Feminism & the New World Order., 2007, 240p
 - 7.Баш Х. Права женщины в исламе / пер. с тур. под ред. А. Хайдара. Казань : Мастер-Лайн, 2003. 47с
 - 8.Осман Эрсан. Женщина в Исламе. пер. с тур- Дауд Кадыров, 2009. – 3-е издание. 176 стр.
 - 9.Нұрлан Анарбаев, Еркебұлан Қарақұлов. ИСЛАМ ҒЫЛЫМХАЛЫ (Әбу Ханифа мәзһабы бойынша) – Алматы,2015, 704 б
 - 10.<https://www.muftayat.kz/kk/articles/islam-and-society/2018-01-25/18756--islam-zhne-jel/>
 - 11.Багандова Б.Я., СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЙ СТАТУС ЖЕНЩИНЫ В ИСЛАМЕ//Теологическое образование: Проблемы и перспективы, Махачкала, 2021, С.312-318
 - 12.Ayatollah Morteza Motahar. Woman And Her Rights In Islam - Translated by: M. A. Ansari 161p
 - 13.Кагазбекова С.Б., Затов К.А. , Әділбаева Ш.А.. ӘЛЕМДІК ДІНДЕР КОНТЕКСТЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ СТАТУСЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ, 2018
 - 14.Мухаммад Садик Мухаммад Юсуф. Права человека в исламе – Москва, Санкт-Петербург «Диля» 2008,258 С

УДК 21.21.21

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Жубанышева Ардак Талғатқызы
zhubanysheva9@mail.ru